

Б.С. БАЙЖІГІТ¹, Ж.Б. МЫХАНОВА^{2✉}, М.Е. МИНАЙДАРОВА³¹PhD, қауымдастырылған профессор, e-mail: bota_bs90@mail.ru²аға оқытушы, e-mail: janar-7171@mail.ru³педагогика ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор, e-mail: mariya-estaevna@mail.ru

^{1,2,3}М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Қазақстан, Тараз қ.)

XX–XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЕТЕЛ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АБСУРД ПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада зерттеу аясындағы абсурд әдебиетінің теориялық проблемалары, XX–XXI ғасырлардағы шетел және қазақстандық әдебиеттегі абсурд поэтикасы қарастырылады. Абсурд ұғымы психика-сараптамалық мәнмәтінде талданып, «абсурд» пен «мәнсіздік» ұғымдарының айырмашылықтары көрсетіледі. Сондай-ақ іргелес ұғымдар – *абсурд*, *нонсенс*, *алогизм*, *трагедиялық* және *комедиялық* сипаттар айқындалады.

Мақалада герменевтикалық, имманенттік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нысаны ретінде қазіргі қазақстандық орыс тілді жазушылардың (А. Жақсылықов, Е. Айла, Н. Сакавова, А. Ким, Н. Веревокин, И. Одогов, сондай-ақ қазақстандық эмигранттар – И. Липкович, С. Липовецкий және И. Мандель) және ресейлік постмодернистік прозаның өкілдерінің (В. Сорокин, В. Маканин, Л. Петрушевская) шығармалары талданып, жіктеледі.

Зерттеу барысында аталған жазушылар шығармаларындағы ортақ және дара көркемдік белгілер айқындалды. Кейіпкерлер тіліндегі абсурдтық мәтін құрудың типологиялық ерекшеліктері төмендегідей сипатталды: ассоциативтік бастаманың басымдығы; авторлық синтаксис пен пунктуацияның өзгешелігі; анжамбеман, катахреза, гротеск, антиномия, автофикшн тәсілдері; келеке және өзін-өзі келекелеу; мағыналық және формалық деңгейлерде пародия мен әзіл-сықақ элементтері арқылы классикалық және кеңестік дәстүрлермен күрес; өлең формасының үйлеспеушілігі және еркін өлеңге (верлибрге) ұмтылу; поэтикалық формадағы эксперименттер; парадокс пен алогизмдердің көрінісі; күнделікті сананың астарлануы; сырттай бейуәжді құрылымдық өзгерістер; кездейсоқтық қағидаты және автоматтандырылған қабылдауға қарсы бағытталған көркемдік тәсілдер.

Кілт сөздер: абсурд поэтикасы, қазақстандық әдебиет, Ресей әдебиеті, жеке-авторлық неологизмдер, роман бейнесі, новояз.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Байжігіт Б.С., Мыханова Ж.Б., Минайдарова М.Е. XX–XIX ғасырлардағы шетел және Қазақстан әдебиетіндегі абсурд поэтикасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 44–53. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.272>

*Cite us correctly:

Baizhigit B.S., Myhanova Zh.B., Minaidarova M.E. XX–XIX gasyrlardagy shetel zhane Qazaqstan adebietindegi absurd poetikasy [Poetics of The Absurd in Foreign and Kazakhstani Literature of the 20th and 19th Centuries] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 44–53. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.272>

B.S. Baizhigit¹, Zh.B. Mykhanova², M.E. Minaidarova³¹PhD, Associate Professor, e-mail: bota_bs90@mail.ru²Senior Lecturer, e-mail: janar-7171@mail.ru³Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, e-mail: mariya-estaevna@mail.ru^{1,2,3}M.Kh. Dulaty Taraz University (Kazakhstan, Taraz)

Poetics of the Absurd in Foreign and Kazakhstani Literature of the 20th and 19th Centuries

Abstract. This article discusses the theory of the poetics of the absurd. It examines the theoretical problem of absurd literature and explores the poetics of the absurd in foreign and Kazakhstani literature from the 20th to the 19th centuries. The absurd is analyzed within a psychoanalytic context, and a distinction is made between the concepts of the absurd and the meaningless. Related concepts such as absurdity, nonsense, and illogicality are also considered. The categories of tragic and comic are studied as well. The methods of hermeneutic, immanent, and comparative analysis are employed.

The article analyzes and systematizes the works of modern Russian-language writers from Kazakhstan, including A. Zhaksylykov, E. Ayla, N. Sakavov, A. Kim, N. Verevchkin, I. Odegov, as well as Kazakh immigrants I. Lipkovich, S. Lipovetsky, and I. Mandel. It also examines the works of representatives of Russian postmodern prose, such as V. Sorokin, V. Makanin, and L. Petrushevskaya. The study examines both the individual and general characteristics of the prose of these writers. It identifies several typological signs of creating an absurd text in the speech of characters, including a dominant associative principle, authorized syntax and punctuation, enjambment, catachresis, grotesque, antinomy, auto-fiction, irony and self-irony, and the resistance against classical and Soviet traditions at both the content and formal levels, often reaching the point of parody and caricature. The study also explores the dissimilarity of poetic form, such as an attraction to free verse, experiments with poetic form, paradox, alogisms, the reverse side of everyday consciousness, externally unmotivated structural metamorphoses, the principle of chance, and the fight against automaticity of perception, among others.

Keywords: the poetics of the absurd, Kazakhstani literature, Russian literature, individual authorial neologisms, novel images, new language.

Б.С. Байжигит¹, Ж.Б. Мыханова², М.Е. Минаидарова³¹PhD, ассоциированный профессор, e-mail: bota_bs90@mail.ru²старший преподаватель, e-mail: janar-7171@mail.ru³кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, e-mail: mariya-estaevna@mail.ru

Таразский университет имени М.Х. Дулати (Казахстан, г. Тараз)

Поэтика абсурда в зарубежной и казахстанской литературы XX-XIX веков

Аннотация. В данной статье описывается теория поэтики абсурда: рассматриваются теоретическая проблема литературы абсурда, поэтика абсурда в зарубежной и казахстанской литературе XX-XIX веков; абсурд изучается в психоаналитическом контексте; дается разграничение понятий абсурдного и бессмысленного; рассматриваются смежные понятия: абсурд, нонсенс, алогизм; изучаются категории трагического и комического. Кроме того, применяются методы герменевтического, имманентного, сравнительно-сопоставительного анализов. Анализируются и систематизируются произведения писателей современной русскоязычной литературы Казахстана (А. Жаксылыкова, Е. Айла, Н. Сакавова, А. Кима, Н. Веревошкина, И. Одегова, казахстанских иммигрантов И. Липковича, С. Липовецкого и И. Манделя); представителей Российской постмодернистской прозы (В. Сорокина,

В. Маканина, Л. Петрушевской). Рассматриваются индивидуальные особенности и общие характеристики прозы отдельных писателей, представленных в данном исследовании. Выявляется ряд типологических признаков создания абсурдного текста в речи персонажей произведений, таких как: доминантное ассоциативное начало; авторизованный синтаксис и пунктуация; анжамбеман, катахреза, гротеск, антиномия, автофикшн; ирония и самоирония; борьба с автоматизированной классической и советской традицией на содержательном и формальном уровнях, доходящая до пародии и карикатуры; расподобление стихотворной формы - тяготение к свободному стиху (верлибру); эксперименты с поэтической формой; парадокс, алогизмы; изнанка обыденного сознания; внешне немотивированные структурные метаморфозы; принцип случайности; борьба с автоматизмом восприятия и др.

Ключевые слова: поэтика абсурда, казахстанская литература, российская литература, индивидуально-авторские неологизмы, романские образы, новояз.

Кіріспе

Әлемдік әдебиеттануда абсурд әдебиетін зерттеудің теориялық мәселесі жеткілікті деңгейде қарастырылған (А. Камю, М.М. Бахтин, М. Эсслин, Е.Н. Строганова, А.А. Кобринский, О.Л. Черноричская, Д.В. Токарев, О.Д. Буренина, М. Виролайнен, М. Ямпольский және т.б.). Әдебиеттануда әдеби абсурд мәселесі ағылшын әдебиеті материалдары негізінде, Льюис Кэрролл шығармашылығы мен абсурд әдебиетінің жалпы еуропалық даму дәстүрлеріне байланысты зерттелген (Н. Малькольм, Дж. Фаррел, J. Flescher, E. Guiliano, G. Willis, L. Schweitzer, M. Heyman, E. Tarantino, С.А. Харламова, В.Ю. Чарская-Бойко).

Кеңес дәуірінен кейінгі филологияда Л. Щербаның сөйлеу абсурдын зерттеу концепциясы (Л.В. Сафронова, З.Р. Дохова, Р.Х. Урусов, Д.А. Самарин, Е.Л. Трахинин және т.б.), сондай-ақ заманауи орыс әдебиетінде әдеби абсурдты зерттеудің психика-сараптамалық әдістемесіне қатысты тұжырымдамалар кең таралған (М.П. Марусенков, Л.В. Сафронова, О.Н. Зырянова, Б.У. Джолдасбекова, С.В. Ананьева). Сонымен қатар, абсурд әдебиетін зерттеудің жалпы теориялық сипаттағы концепциясы да кеңінен таралған (N. Cornwell, W. Tigges).

Әдеби абсурд мәселесі бойынша теориялық және тарихи-әдеби дереккөздерді шолу мен жүйелендіру барысында абсурд пен мәнсіздік категорияларын шектеу қажеттілігі туындайды. Мәнсіз ой-пікірлер аксиология тұрғысынан бейтарап болып келеді: олардың шынайы өмірде тірегі мен мағынасы болмайды, олар шынайы да емес, жалған да емес. Ал абсурдтық пікірге қандай да бір мән беріледі, бірақ өзінің оксюморонды сипатына байланысты бұл сөйлеу актісінің шындықпен арақатынасы жоқ, қисынсыз болып табылады.

Әдеби мәтіндерде осыған ұқсас көркемдік тәсілдер оқырмандық рецепцияны белсендендіру үшін қолданылады. Көркем мәтінде мүмкін еместік абсурдтық деп аталатын көрініс кездеседі (А. Камю): қарама-қайшы пікір, гротеск және әсірелеу. Бұл – оқиға желісінің шынайылықтан алыстаған иррационалдық көрінісі.

Әдебиеттануда *абсурд*, *нонсенс* және *қисындық* (алогизм) терминдері мазмұндық тұрғыдан бір-біріне жақын. *Нонсенс* – Викториан дәуірінде Ұлыбританияда пайда болған мәдени құбылыс. Ол абсурдқа қарама-қарсы, моральдық құндылықтары басым болған: парыз, қоғамдық пікірге бағынушылық және басқа да әлеуметтік шектеулер тән (Эдвард Лир (1812–1888), Льюис Кэрролл (1832–1898)). Нонсенс осы моральдық талаптар мен қатандықты теңестіргенін атап өту керек.

Нонсенс пен абсурд парадокс пен схизиске негізделген объективтік шынайылықты бейнелей отырып, қазіргі мәнді жоққа шығармайды, мәнсіздікті қалыптастырмайды,

керісінше, оларды өзгертеді. *Қисындық (алогизм)* – сөйлеу тәжірибесінде логиканың бұзылуын көрсететін стилистикалық фигура. Бұл көркемдік тәсіл гротеск пен комедиялыққа (әзіл, сықақ, сатира) тән. Қисындық (алогизм) логика мен иррационалдың көрінісі ретінде Н. Гоголь, Ф. Кафка, дадаистер, сюрреалистер, обэриуттер шығармаларында, сондай-ақ абсурд және постмодернистік театрда жиі кездеседі.

Сонымен, абсурд, нонсенс және алогизмнің негізгі қызметі – стереотиптік, қалыптасқан көрініс пен пікірлерді жаңаша мәнмен толықтыру, ауыстыру, сондай-ақ өзектілігін жоғалтқан көзқарастардың орнына жаңа мағынаны қалыптастыру.

Абсурд поэтикасы жалпы трагедиялық және комедиялық бастамалармен тығыз байланысты деп айтуға болады. Трагикомедия – трагедиялық пен комедиялықтың өзара әрекеттесуінің нақты үлгісі, яғни басқа сөзбен айтқанда, оксюморон немесе абсурд болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл мақалада келесі әдістер пайдаланылды: *салыстырмалы әдіс* – Қазақстан және Ресейдің орыс тілді прозасының ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды; *герменевтикалық әдіс* – постмодернистік әдебиетте жиі кездесетін жеке-авторлық неологизмдерді (новояз) қайта түсіндіру мақсатында пайдаланылды; көркем мәтіннің имманенттік талдауы – постмодернистік авторлардың стильдік ерекшеліктерін айқындау үшін қолданылды.

Абсурд поэтикасының теориялық аспектілерін зерттеу материалдары ретінде шетел ғалымдарының еңбектері (А. Камю, М.М. Бахтин, М. Эссин, Е.Н. Строганова, А.А. Кобринский, О.Л. Черноризкая, Д.В. Токарев, О.Д. Буренина, Н. Малькольм, Дж. Фаррел, J. Flescher, E. Guiliano және т.б.) мен заманауи отандық зерттеулер (Б.У. Джолдасбекова, Л.В. Сафронова, С.В. Ананьева және т.б.) негіз болып алынды.

Талдау мен нәтижелер

XXI ғасыр тоғысында абсурд поэтикасы аз зерттелген сала болып табылады. Қазақстандық әдебиетте бұл бағытты арнайы қарастырған зерттеушілердің еңбектері санаулы ғана. Сонымен қатар, абсурдистік стильдің бірегей үлгілері ТМД елдерінің өтпелі кезең әдебиетінде де кеңінен таралып, бұл құбылыс ғылыми тұрғыдан пайымдауды қажет етеді.

XX–XXI ғасырлардағы заманауи қазақстандық әдебиеттің өкілдеріне А. Жақсылықов, Б. Жылқыбеков, Д. Накипов, А. Ким, Т. Әбдіков, А. Тәжі, Е. Клепикова, Л. Калауст, Н. Веревокин, Ю. Серебрянский, И. Одегов, М. Земский және Н. Сакавованы жатқызуға болады.

Қазақстандық жазушы Аслан Жақсылықовтың «*Сны окаянных*» атты топтамасы – заманауи қазақстандық әдебиеттегі ең көп талданған және зерттелген шығармалардың бірі. Бұл топтамаға «*Поющие камни*» (1987 жылы жазылған, 1997 жылы жарияланған), «*Сны окаянных*» (2005), «*Другой океан*» (2005) шығармаларының кейбір бөлімдері енгізілген. Кейіннен бұл цикл «*Дом суриката*» (2008) және «*Возвращение*» (2011) туындыларымен жалғасын тапты. Аталған шығармалар қазақстандық әдеби ортада елеулі резонанс тудырып қана қоймай, әдеби және зияткерлік қауымдастықтың назарын өзіне аударған маңызды құбылысқа айналды.

«*Сны окаянных*» топтамасы Семей ядролық полигонындағы сынақтардың аяқталуына қатысты оқиғаларға арналған қайғылы эпифания ретінде басталады. Жазушы 1987 жылы полигон аумағына барып, осы сынақтардың құрбаны болған мүгедек балалармен кездескеннен кейін, оларға арнап ертегі-романдар циклін жазуға уәде берген. Семей

полигоны аталмыш трилогияның басты кеңістігіне айналып, балалар үйінің тәрбиеленушілері «Сны окаянных» шығармасының кейіпкерлері ретінде бейнеленеді.

А. Жақсылықовтың романдары көркемдік жетістіктермен қатар, терең әлеуметтік және экзистенциалдық мәнге ие. Ол адам тағдыры, қасірет пен үміт, рухани деградация және адамгершілік шекаралары туралы күрделі мәселелерді көтереді.

Абсурд поэтикасы отандық жазушылардың шығармаларында түрлі формада сипатталады.

Мәселен, Аслан Жақсылықовтың «Дом суриката» романында абсурдтық тәсілдер жүйесі ерекше айқын байқалады:

1. *Қайталанатын сөздердің көптігі.* «Олар түсінеді, еңселері көтеріледі, нұрланады және тына қояды, жердің саңылауына, қуыстарына, тесіктеріне, күндізгі бетон күмбездің жарықтарына жабысып, тынышталады, олар тани бастайды және бәрін көріп, шаттанады. Олар, ашкөздер, арынды, жер топырағының құрсағына енеді, тығылады, тыныштық іздейді... Олар сансыз, өте көп, албырт, байырғы, жабылып, қаптап кетеді. Олар қармауыштарымен құшақтайды, сорғыштарымен, ылғал тамырларымен жақындайды, жабысады ...»

Романда бір типті сөздердің ұзақ қайталануы (тұтас бір бет көлемінде) адамның миының сол жақ сыңарындағы логикалық құрылымның бұзылуы мен ойлау иррационалдылығының маркері ретінде беріледі. Мұндай тәсілді А. Ким «Радости рая» шығармасында да қолданған. Егер А. Кимде оң ми сыңарының ассоциативтік, шығыстық ойлау типі басым болса, А. Жақсылықовта бұл тәсіл бүкіл мәтінге еніп, абсурдтық масштабқа дейін жетеді [1, 122-б.].

2. *Авторлық неологизмдер мен «новояз».* Романдағы кейіпкерлердің тілі жаңа сөздер мен морфологиялық ойынға құрылған. Авторлық неологизмдер бірнеше категорияға бөлінеді:

– «ДЖУ» қосымшасы арқылы жасалғандар: *джусойя, джубуйный, джугомоты, джумуры, джубезьяны, джугарные химеры*;

– «ЗУ» қосымшасы арқылы жасалғандар: *зурогы, зулоны, зубуйволы*;
– қазақ тілінен енген калька-сөздер мен гибридтер: *по-коянски, крысопаяк* және т.б.

Бұл тәсіл – тілдік эксперимент пен шеткі эстетиканың көрінісі, постмодернистік новояздың айқын үлгісі.

3. *Тілдік клондау (гибридизация).* Адамдар мен жануарлар, өсімдіктер мен саңырауқұлақтар арасындағы генетикалық тоғысу сипатында бейнеленеді. Соның нәтижесінде «*джубуйные твари*», «*человек–сурикат*», «*женицина–олениха*», «*бульдогомуравьи*» сияқты химерлік бейнелер жасалады. Мұндай тәсіл В. Сорокиннің «*Голубое сало*» және А. Кимнің «*Поселок кентавров*» шығармаларымен типологиялық тұрғыда үндеседі.

4. *Түс пен шындық шекарасының жойылуы.* Бұл – абсурд әдебиетінің басты принциптерінің бірі. Л. Кэрролдың «*Алиса в стране чудес*» шығармаларындағы сияқты, «Дом суриката» романында да шынайылық пен түс көрудің арасындағы шекара бұзылады. Мысалы, кванттық секірістер мен уақыт пен кеңістіктің ауысуы сияқты эпизодтарда бұл тәсіл көрініс табады.

5. *Абсурдтық кейіпкер – «Малыш-дом».* Бұл тіршілік иесі – Майя мен басқа балалар үшін үйдің өзі, тірі организм ретінде бейнеленеді. Ол «*ұсқынсыз бала*» түрінде суреттеліп, баяндаушы тарапынан үй аруағына теңестіріледі [2, 76-б.]. Роман мәтінінде бұл құбылыстың мәні беймәлім күйде қалып, түс көру мен елестің арасындағы шекараны бұзады: «*Ұсқынсыз баланы үйдің ішкі қуысы дүниеге әкелді. Көрегендік оны бізге сеніп тапсырды ма – әрине, белгісіз*» [1, 62-б.].

Е. Айла мен Н. Сакавованың «*Сказки для взрослых*» атты постмодернистік шығармалар топтамасында дәстүрлі ертегі құрылымы мен желісі ремейк пен пастиш заңдарына қайшы

келетіні байқалады. Мәселен, ертегілердің бірінде ханзада қалыңдығының анасына үйленеді, ал басқа бірінде қасқыр шошқаға айналып, төрт тораймен бірге дзенге түседі және т.б. Бұл шығармалар дәстүрлі поэтикалық үлгіден алшақ, бірақ қуанышты әрі ашық финалмен аяқталып, интермәтіндік деңгейде авторлық сықақ пен фольклорлық және әдеби беделді кейіпкерлердің күресі арқылы жанаша мазмұнға ие болады [3].

Қазақстандық әрі ресейлік жазушы А. Ким өзінің шығармаларында абсурд поэтикасына тән белгілерді кеңінен қолданады.

1. «Белка» атты роман-ертегі [4] бір оқығаннан түсінікті бола бермейді, себебі бас кейіпкер бойында тұлғаның төртке бөлінуі (екіжүзділік секілді) мен құбылмалылық қасиеті бар: ол бір мезетте әрі адам, әрі тиін бейнесінде көрінеді. Романда кейіпкерлердің сөйлеу мәнерінде, уақыт парадигмасында және бейнелер жүйесінде абсурд элементтері айқын байқалады [2, 59-б.]. Автор әр баяндаушы кейіпкердің көзқарасы арқылы көпқырлы, нақышты авторлық бейне қалыптастырады.

2. «Поселок кентавров» атты гротеск-романда [5] жартылай адамдар өзара ойдан шығарылған тілде сөйлеседі (сөйлеу абсурды), бұл көркемдік тәсіл арқылы шығарма өзгеше сипат алады. Бас кейіпкерлер – кентаврлар (адам мен жылқының қосындысы), сондықтан романның көркемдік кеңістігі де абсурдтық сипатқа ие. А. Ким ойлап тапқан бұл тіл оқырман үшін түсініксіз, алайда ол шығарманың көркем табиғатын айқындайтын элемент ретінде қызмет етеді.

Қазақстандық зерттеуші С.В. Ананьева өзінің «Билингвизм и транслингвизм в новейшей литературе» атты мақаласында адам экзистенциалдық дағдарысты еңсеру үшін шығармашылыққа жүгінетінін атап көрсетеді. Яғни, нағыз суретшінің миссиясы – адамзатқа жаңаны айту мен естірту қабілетінде көрінеді [6, 682-б.]. Бұл қағида А. Ким шығармашылығында да айқын көрініс табады: оның тілдік жүйесінде жаңа сөздер (новояз), окказионализмдер мен кейіпкерлердің ерекше сөйлеу стилистикасы кеңінен байқалады.

Окказионализмдерді шамадан тыс пайдалану тәсілі шығармада әзіл мен сатиралық әсерді күшейту мақсатында қолданылған және семантикалық тұрғыдан қайта түсіндіруді қажет етеді. Осыған байланысты романда қолданылған жаңа сөздердің (новояздың) арнайы сөздігін құрастыру қажеттілігі туындайды.

Айта кетерлігі, әлемнің ешбір тілінде Анатолий Кимнің новоязына ұқсас тілдік жүйе жоқ. Мұндай тіл логикалық жолмен түсіндіруге келмейді, ол көбіне автордың оқырманмен ойыны, тіпті кейде ирониялық тәсілі ретінде қабылданады. Кентаврлар тілінің мағынасын оқырман баяндаушы арқылы түсінеді: баяндаушы кейіпкер олардың сөйлеген сөздерін үнемі «аударып отырады», жеке сөз тіркестері мен орамдарының мағынасын түсіндіреді. Осылайша, «Поселок кентавров» романында автор ойлап тапқан жаңа сөздер сөздігі шығарманың поэтикалық құрылымындағы ойындық сипат пен интермәтіндік иронияны күшейтеді.

А. Кимнің роман-гротескінде жартылай адамдар (кентаврлар) мен адамдар арасындағы күрес бейнеленеді. Кентаврлар өз әрекеттері арқылы адамдарға қарағанда қисынсыз және жат мінез танытады. Ал адамдар, керісінше, орман өртеніп кеткеннен кейін оларға көмек көрсетуге ұмтылады. Кентаврлар өсімдікпен қоректенетіндіктен, автор оларды экологиялық апат жағдайында өмір сүруі қиындаған тіршілік иелері ретінде суреттейді. Дегенмен, адамдардың көмегіне сенбеген кентаврлар соғыс ашып, нәтижесінде өздерінің ақымақтығы салдарынан бір-бірін қырып тастайды.

Баяндаушының сөздеріне қарағанда, кентаврлар жасағының құрамында екі мың бес жүз сарбаз болған. Алайда, атақты қолбасшының «қызыл тал сойылынын» соққысынан олардың мың екі жүзі қаза табады. Кентаврлардың қисынсыз әрекеті мен өзара қақтығысы арқылы автор жартылай адамдардың рухани дағдарысын, яғни адамзат табиғатынан ажырап, өзін-өзі

жоюға бейім мінезін әшкерелейді. Бұл көріністер арқылы жазушы абсурдтық дүниетанымның негізін – өмірдің мәнсіздігін, адамның иррационалды әрекетін көрсетеді. Сонымен қатар, осы мағынасыздық көріністерін автор ирония мен сатира элементтері арқылы жұмсартып береді.

Осылайша, А.Ким абсурдты тек тіл деңгейінде ғана емес, сонымен қатар сюжет пен композицияда да қолданады.

3. «*Радости рая*» романында бас кейіпкердің жаны жынысы мен өмір салтына қарамастан әр түрлі адамдардың, жануарлардың, заттардың және табиғи құбылыстардың бойына ене алады [2, 60-б.]. Мұндай метафизикалық ауысулар адамның шексіз болмысын және экзистенциалдық ізденісін бейнелейді.

«*Радости рая*» романындағы жанның ауысу шарттарының негізгісі – басты кейіпкердің Александр есімді болуында. Бұл есімнің барлық нұсқалары мен оның әкесінің атына қатысты рәміздік мән байқалады. Бір Александр есімді адамға (шартты түрде) жан ауысқан сайын, ол Аким (Александр, Саша, Искандер немесе Александра Толстая және т.б.) есімді бейнелермен кездесіп, олардың арасындағы диалогтар барысында абсурдтық жағдайлар жиі туындайды.

Мысалы, кейіпкердің бұрынғы өмірлерінің бірінде – палеолит дәуірінде – Күміс Тосико есімді менталды жұбайы және Саша Белоконьмен ғашықтық байланысы сипатталады. Осы эпизодта көпдауыстылық (полифония) өзінің шарықтау шегіне жетеді. Бұл ғашықтық байланыс мәтін контекстінде арғы ата-баба қызы мен ашына әйелдің қарым-қатынасы ретінде көрініп, Александра Белоконь бейнесінде жүзеге асады.

Романдағы сөйлеу абсурды мен *новояз* элементтері көбінесе «көрегендердің» әңгімелерінен байқалады. Автор осы роман аясында ғана түсінікті болатын аббревиатураларды, сондай-ақ жеке-авторлық неологизмдерді кеңінен қолданған. Кейіпкерлер қатарының өзі де абсурд тәсілімен бейнеленген. Мысалы: камень по имени Ондар, баран – Берендей, опухоль – Загна, огонь – Александр, рука – Махей, камень – Пиндарик, половой орган – Елдорай, цунами – Тихон, одуванчик – Родэй, яйцеклетка – Веста және т.б. Мұндай образдар арқылы автор дүниенің тілдік және семантикалық құрылымын саналы түрде бұзып, жаңа мифопоэтикалық әлем жасайды.

Сонымен қатар, қазақстандық жас жазушы Н. Веревокиннің «*Череп Гоголя*» атты әңгімесінде де абсурдистік поэтика элементтері байқалады. Автор абсурдтық сипаттармен қатар кейіпкерлердің психологиялық акцентуациясына меңзейтін көркемдік тәсілдерді пайдаланады. Бұл шығарманың негізгі ерекшеліктері – абсурдтық кеңістік (*Новостаровск*), кейіпкерлердің девиантты мінез-құлқы (мысалы, Гогольдің бас сүйегін іздеу), парадоксальды және иррационалды жағдайлардың қатар өрбуі. Ессіздік пен құштарлыққа бой алдырған бас кейіпкердің әрекеттері созылмалы үрей мен паранойя күйімен ұштасып жатады [7].

И. Одеговтың шығармашылығында бас кейіпкердің әмбебап (типтік) Нарцисс бейнесі сипатталады. Ол нарцисстіктің келесі сатысы – мегаломанияға өтеді. Нарцисс өзінің тұлғасын (денесін) Жаратушы бейнесіне дейін көтереді (кейіпкердің өз суыққанды анасымен теңесуге ұмтылуы метонимиялық құрылым арқылы беріледі). Осы арқылы ол өз маңыздылығын мегаломаниялық симптоматика арқылы жүзеге асырып, өзіндегі сүйіспеншілікке зәрулік пен бағаланбаушылық сияқты нарцисстік жараларын емдеуге тырысады. Мұндай тәсіл кейіпкердің қандай да бір психологиялық нормаға қайта оралуға ұмтылысын білдіреді [8].

Бұрынғы қазақстандықтар, ал қазір американдық эмигранттар – И.Липкович, С. Липовецкий және И. Мандельдің «*Морфей и Орфей. И сном, и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев*» [9] атты шығармасы түс жору жанрында жазылған. Бұл туынды авторларға эмиграция мен бастама (инициация) процесінен туған психологиялық жарақатты көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңа мәдени ортада

тұлғалық тұтастықты сақтау мен мәдени есеңгіреуге ұшырамау жолында кейіпкерлердің ішкі аласапыран мен үрейін бастан кешу процесін бейнелейді [2, 82-б.].

Зерттеу аясында қазіргі Ресей әдебиетінің өкілдері – Владимир Сорокин, Людмила Петрушевская және Владимир Маканин шығармалары да қарастырылады.

В. Сорокиннің «Голубое сало» романындағы [10] кейіпкерлер сөйлеуде бірнеше ерекше тәсілдерді қолданады:

- Толығымен бас әріптермен жазылған сөздер мен сөйлемдер – эмоциялық кернеуді күшейту, оқиға мен ұғымның маңыздылығын көрсету үшін пайдаланылады;

- Көптілділік элементтері – кейіпкерлердің сөйлеуінде қытай, ағылшын, француз және орыс тілдері қатар қолданылады. Бұл көркем мәтінді түсінуді күрделендіріп, оқырманды беймәлім тілдік кеңістікке енгізеді;

- Тілді мақсатты пайдалану – әр түрлі тілдер кейде балағат сөздерді бүркеу, кейде өз сөзіне элиталық мағына беру мақсатында қолданылады;

- Окказионализмдердің көптігі – авторлық жаңа сөздер мен тілдік ойындар сөйлеу абсурдын күшейтеді;

- Сөйлеу кекештігі мен дыбыстық қайталану – мысалы, *Ясауууух пашоооооо* сияқты дыбыстық құрылымдар абсурдтың фонетикалық көрінісін береді.

В. Сорокин кейіпкерлері жиі қолданатын бұл әдістер абсурдтық поэтиканың айқын белгілері болып табылады [2, 82-б.]. Сонымен қатар, кейіпкерлер өздерінің ішкі уайымдары мен психикалық күйлерін жеткізе алмаған сәттерде *оксюморон* тәсілін қолданады. Мысалы: *коэффициент L-гармонии такого меню, биофилология, LOVEЛАГ, голубое сало, М-ревность, GERO-KUNST, ART-мей чуань, гексаграмма КВНБ, Boboboboboboboboboboboris, простой шагуа, цзуанькунцы*.

Бұл мысалдар арқылы Сорокин тілдің логикалық құрылымын бұзып, сана мен тіл арасындағы шекараны жойып, постмодернистік әдебиеттегі *абсурдтың лингвопоэтикалық табиғатын* айқындайды.

Л. Петрушевская орыс постмодернистік бағытының әйгілі өкілі ретінде өзгеше жазу тәсілдерімен ерекшеленеді. Жазушының «Пуськи бятые» атты лингвистикалық ертегілеріндегі абсурдтылық оның эксклюзивті авторлық новоязды (жаңа тілді) құрудағы шығармашылық жетістігін айқындайды. Бұл туындыда «кейіпкерлер тілінде қолданылатын сөздердің түбірі орыс тілінде жоқ, тілдің жүйесінде мүлдем кездеспейді. Алайда оқырман аффикстердің грамматикалық үлгілеріне сүйене отырып, көркем мәтінді түйсік арқылы түсіне алады» [2, 82-б.].

Академик Л. Щерба да тіл табиғатына қатысты осындай тәжірибе жүргізген. Ол орыс әдеби тілінің нормаларына сүйене отырып, жасанды сөйлемдер құрастырған, мұнда тілде жоқ түбірлерді әдейі қолданған. Мысалы: «Глокая куздра штеко будланула бокра и курдячит бокрёнка» [11].

Ертегілер топтамасында абсурдтық кеңістік (*напушка*) пен абсурдтық кейіпкерлер қатары (*Калуша, Помик, Бутявка, Кукуся, Пси, Ляпуна* және т.б.) сипатталады.

Ал В. Маканиннің «Антилидер» атты әңгімесінде жұмыс басшылығының, өктемшіл жұбайының және жалпы кеңестік қоғам иерархиясының қысымына түскен бас кейіпкер – сілесір-сантехник Толик Куренковтың бейнесі арқылы Гогольдің «кішкентай адам» типінің жаңа қырлары ашылады. Оның санасыз әрекеттері мен садомазохизмдік мінез-құлық белгілері де автор назарынан тыс қалмайды. Табиғи әлеуметтік лифтінің жоқтығы Куренковты, әсіресе ашу үстінде, айналасындағы кез келген көшбасшылық бастаманы жоюшы тұлғаға айналдырады.

Қорытынды

Сонымен, жоғарыда талданған шығармаларда абсурд поэтикасының элементтері айқындалды. Олар қазіргі қазақстандық (А. Жақсылықов, А. Ким, Н. Веревокин, И. Одегов, Е. Айла, Н. Сакавова, И. Липкович, С. Липовецкий және И. Мандель) және ресейлік (В. Сорокин, Л. Петрушевская, В. Маканин және т.б.) әдебиет өкілдерінің шығармаларында эмоциялық көңіл күйдің – долдану мен торығудың – көрініс табуымен ерекшеленеді.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер нәтижесінде қазақстандық және ресейлік жазушылардың шығармаларында бірқатар типологиялық ортақ қасиеттер анықталды:

- ассоциативті бастаманың басымдылығы (табиғи, долдану дискурсы);
- авторлық синтаксис пен пунктуацияның ерекшелігі (тыныс белгілерінің болмауы, сөйлем басында бас әріптің қолданылмауы);
- анжамбеман, катахреза, гротеск, антиномия, автофикшн тәсілдерінің жиі кездесуі;
- келеке мен өзін-өзі келекелеу формалары;
- мағыналық және формалық деңгейлерде пародия мен сатиралық элементтер арқылы классикалық және кеңестік дәстүрлермен күрес;
- поэтикалық форманың үйлеспеушілігі, еркін өлеңге (верлибрге) ұмтылу;
- поэтикалық формадағы эксперименттік ізденістер;
- оғаштық пен алогизмдердің көрінісі;
- күнделікті сананың жасырындылығы;
- сырттай бейуәжді құрылымдық өзгерістер;
- кездейсоқтық қағидаты;
- автоматтанған қабылдаумен күрес және т.б.

XX–XXI ғасырлар тоғысындағы қазақстандық және ресейлік авторлардың шығармаларын талдау абсурд поэтикасының бірегейлік дағдарысын, әлемнің логикалық тұтастығын жоғалтуды, сондай-ақ әлеуметтік, саяси және мәдени тұрақсыздық жағдайында адам санасының өзгеруін көрсететін маңызды көркемдік құралға айналғанын дәлелдейді.

Осылайша, кеңестік дәуірден кейінгі қазіргі әдебиеттегі абсурд поэтикасы – тек хаос пен мағынасыздық эстетикасын білдірумен шектелмей, сонымен қатар жеке және ұжымдық күйзелістерді қайта қарастыруға, шекті психологиялық және философиялық күйлерді бейнелеу үшін жаңа тіл табуға бағытталған терең көркемдік стратегия болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жаксылыков А. Дом суриката. Четвертая книга романного цикла «Сны окаянных». – Алматы: Ценные бумаги, 2008. – 434 с.
2. Байжігіт Б.С. Поэтика абсурда в литературе постмодернизма и методика ее изучения в вузе (на материале современной русской и русскоязычной прозы): дис. ... доктора философии (PhD). – Алматы, 2023. – 148 с.
3. Сафронова Л.В., Жанысбекова Э.Т. Казахстанские сказки для взрослых // Проблемы поэтики и стиховедения: Мат. IX Международной научн.-теоретич. конф., посвящ. 30-летию Независимости Республики Казахстан и 90-летию выдающегося казахского поэта Мукагали Макатаева (20-21 мая 2021 г.). – Алматы: «Ұлағат», КазНПУ им. Абая, 2021. – С. 157–161.
4. Ким А. Белка. – Litres, 2022. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.litres.ru/book/anatoliy-kim/belka-7458425/> (дата обращения 05.10.2024)
5. Ким А.А. Избранное: «Отец-Лес»; «Поселок кентавров»; «Сбор грибов под музыку Баха»; «Стена»; «Близнец». – М.: ТЕРРА–Книжный клуб, 2002. – 704 с.
6. Ананьева С.В. Билингвизм и транслингвизм в новейшей литературе // Полилингвильность и транскультурные практики. – 2022. – Т. 19. – №4. – С. 675–684. <https://doi.org/10.22363/2618-897X-2022-19-4-675-684>

7. Bayzhigit B.S., Shmakova E.S., Begaliyeva S.B. Absurdist techniques of representation of the author's position (N. Vervovochkin "Gogol's skull") // *Keruen*. – 2024. – Т. 85. – №4. – С. 56–63. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-04>
8. Safronova L., Bayzhigit B. Генезис творческого нарциссизма (на материале прозы И. Одегова) // *Slavistična revija*. – 2023. – Т. 71. – №1. – С. 29–42.
9. Lipkovich I., Lipovetskii S., Mandel' I.D. Морфей и Орфей: и сном, и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев. [Электронный ресурс]. URL: Lulu. com, 2018. (дата обращения 05.10.2024)
10. Сорокин В. Голубое сало. – Litres, 2012. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.litres.ru/author/vladimir-sorokin/> (дата обращения 12.10.2024)
11. Ощепкова Е.А., Цупикова Е.В. Лингвистический нонсенс как средство выразительности в русском и английском языках // *Научные труды молодых ученых, аспирантов и студентов*. – 2012. – С. 207–208.

REFERENCES

1. Zhaksylykov A. Dom surikata. Chetvertaia kniga romannogo cikla «Sny okaiannyh» [The house of the meerkat. The fourth book of the novel cycle "Dreams of the Damned"]. – Almaty: Cennye bumagi, 2008. – 434 s. [in Russian]
2. Baizhigit B.S. Poetika absurda v literature postmodernizma i metodika ee izuchenia v vuze (na materiale sovremennoi russkoi i russkoiazychnoi prozy): dis. ... doktora filosofii (PhD) [The poetics of the absurd in postmodern literature and the methodology of its study in higher education (based on the material of modern Russian and Russian-language prose): dis. ... Doctor of Philosophy (PhD)]. – Almaty, 2023. – 148 s. [in Russian]
3. Safronova L.V., Zhanyzbekova E.T. Kazhstanskies skazki dlia vzroslykh [Kazakh fairy tales for adults] // *Problemy poetiki i stihovedenia: Mat. IX Mezhdunarodnoi nauchn.-teoretich. konf., posviash. 30-letiu Nezavisimosti Respubliki Kazahstan i 90-letiu vydaiushhegosia kazahskogo poeta Mukagali Makataeva (20-21 maia 2021 g.)*. – Almaty: «Ulagat», KazNPU im. Abaia, 2021. – S. 157–161. [in Russian]
4. Kim A. Belka [Squirrel]. – Litres, 2022. [Electronic resource]. URL: <https://www.litres.ru/book/anatoliy-kim/belka-7458425/> (date of access 05.10.2024) [in Russian]
5. Kim A.A. Izbrannoe: «Otec-Les»; «Poselok kentavrov»; «Sbor gribov pod muzyku Baha»; «Stena»; «Bliznec» [Favorites: "Father Forest"; "Village of Centaurs"; "Picking mushrooms to the music of Bach"; "Wall"; "Twin"]. – M.: TERRA–Knizhnyi klub, 2002. – 704 s. [in Russian]
6. Ananieva S.V. Bilingvizm i translingvizm v noveishei literature [Bilingualism and translingualism in the latest literature] // *Polilingvialnost i transkulturnye praktiki*. – 2022. – Т. 19. – №4. – С. 675–684. <https://doi.org/10.22363/2618-897X-2022-19-4-675-684> [in Russian]
7. Bayzhigit B.S., Shmakova E.S., Begaliyeva S.B. Absurdist techniques of representation of the author's position (N. Vervovochkin "Gogol's skull") // *Keruen*. – 2024. – Т. 85. – №4. – С. 56–63. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-04>
8. Safronova L., Bayzhigit B. Genezis tvorcheskogo narcissizma (na materiale prozy I. Odegova) [The genesis of creative narcissism (based on the prose of I. Odegov)] // *Slavistična revija*. – 2023. – Т. 71. – №1. – С. 29–42. [in Russian]
9. Lipkovich I., Lipovetskii S., Mandel' I.D. Morfei i Orfei: i snom, i duhom: snovidenia ochevidcev i kommentarii stihotvorcev [Morpheus and Orpheus: both by sleep and by spirit: dreams of eyewitnesses and comments by poets]. [Electronic resource]. URL: Lulu. com, 2018. (date of access 05.10.2024) [in Russian]
10. Sorokin V. Goluboe salo [Blue fat]. – Litres, 2012. [Electronic resource]. URL: <https://www.litres.ru/author/vladimir-sorokin/> (date of access 12.10.2024) [in Russian]
11. Oshepkova E.A., Cupikova E.V. Lingvisticheski nonsens kak sredstvo vyrazitelnosti v russkom i angliskom iazykah [Linguistic nonsense as a means of expression in Russian and English] // *Nauchnye trudy molodykh uchenykh, aspirantov i studentov*. – 2012. – С. 207–208. [in Russian]